

# КЕЛЕ ЖАТҚАН 8 НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІМЕН! С НАСТУПАЮЩИМ ПРАЗДНИКОМ 8 МАРТА!

Издается с 20 декабря 1999 года

3 марта  
2023 года  
ПЯТНИЦА  
№ 18-19 (1515-1516)

## Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

Читайте нас на сайте [sarangazeti.kz](http://sarangazeti.kz), а также в  [sarangazeti](https://www.instagram.com/sarangazeti), [sarangazetikaz](https://www.facebook.com/sarangazetikaz),  [sarangazeti](https://www.facebook.com/sarangazeti)



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН  
САЙЛАУ

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ  
ЖАСА!



ВЫБОРЫ  
ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

СДЕЛАЙ  
СВОЙ ВЫБОР!

### Қымбатты әйелдер қауымы!

Сіздерді шуақты көктемнің ең ізгі, мейірім мен сүйіспеншілікке толы мерекесі, келе жатқан 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!

Көктемнің шуақты сәті аналарымыз бен аруларымыздың мейрамынан бастау алады. Изгі ниет пен сұлулыққа, сырбаз сезім мен сыйластыққа толы осы күн жан-дүниені жадыратып, жүректерге жылу береді. Әйел бақыты - жар сүйу, ана болу, елге тұтқа, ұрпаққа пана болу.

Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеген аналар қауымы ел ертеңіне нәр, тіршілікке әр беретін айрықша күшке ие.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтып өткендей: «...Әйелдер қауымының жасампаздық қасиеті мен күш-қуаты Жаңа Қазақстанның ілгерілеуіне септігін тигізеді деп сенемін»

«Қыз өссе елдің көркі» деген дана халқымыз қыз баланы ерекше құрметтеп, әрқашан төрден орын берген. Қазақ қызы қашан да сұлулығымен, даналығымен ғана емес, ерлігі және қайсарлығымен дараланған.

Қазір де елеміздің, облысымыздың, туған қаламыз Саран шаһарының өсіп-өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп жүрген арулар да баршылық. Біздің қоғамымызда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттік қызмет пен қоғамдық істе де, кәсіпкерлік пен тәлімгерлікте де тамаша табыстарға қол жеткізе отырып, саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі.

**Аяулы ханымдар!**

Сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасылық бақыт пен қызметтеріңізге сәттілік тілеймін! Жүздеріңізден күлкі, көңілдеріңізден қуаныш кетпесін!

**Е. ТЕМИРХАНОВ,**  
Саран қаласының әкімі

### Дорогие женщины!

Поздравляю вас с наступающим прекрасным весенним праздником – Международным женским днем 8 Марта!

Женщина – это целый мир, в котором всегда находится место для любви и красоты, возвышенного материнского чувства и уютного домашнего очага, созидательного труда и трогательной, граничащей с самопожертвованием заботы о родных и близких. Самому лучшему, самому доброму, самому святому в нас мы обязаны вам, наши любимые матери, жены и сестры. Во все времена на хрупких женских плечах держались мир и согласие не только в семьях, но и в стране.

Глава государства Касым-Жомарт Тоқаев отметил: «Созидательная энергия женщин станет мощной движущей силой нового Казахстана».

Вы, наши милые женщины, вдохновляете мужчин на героические поступки и душевную щедрость, улучшаете и преобразуете не только свой дом, но и жизнь всего общества.

Велика роль женщины-труженицы в создании национального богатства страны.

Сегодня представительницы прекрасного пола играют значительную роль в общественной, социальной, политической, экономической жизни нашего родного города Сарани и страны.

**Милые женщины!**

Желаю вам и вашим близким крепкого здоровья, счастья и благополучия. Пусть каждый ваш день будет наполнен солнечным светом, теплом и радостью, а в ваших семьях царят уют и процветание!

**Е. ТЕМИРХАНОВ,**  
аким города Сарани

### Преподаватель из Сарани одержала победу на республиканском конкурсе профмастерства

[gov.kz](http://gov.kz)

**Преподаватель английского языка Саранского высшего гуманитарно-технического колледжа Анастасия Седова завоевала первое место на республиканском конкурсе профмастерства.**

Анастасия Седова – победитель областного этапа конкурса профмастерства среди педагогов колледжей. В своей работе она применяет как новые технологии обучения, так и традиционную методику.

– В республиканском этапе конкурса

принимали участие 17 педагогов из разных областей страны. Все сильные, лучшие из лучших. Честно, я и не мечтала занять первое место. Но члены жюри и эксперты суммарно оценили мои наработки и удостоили меня первого места, – рассказывает Анастасия Седова. – Конкурс проходил в Кокшетау. Я подготовила видеопрезентацию, показала свою работу с детьми пришкольного лагеря, где мы используем все интерактивные возможности современных технологий.

Анастасия Седова награждена дипломом первой степени. Также у неё появилась возможность досрочно повысить квалификационную категорию. Категорию педагога-эксперта она получила два года назад. Теперь надеется стать педагогом-исследователем.



ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫН ӘКІМ

# КЕНТ КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ ІСТЕРМЕН КЕЛІСТІ

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

Мемлекет басшысының тапсырмасымен кент әкімдерінің дәстүрлі қорытынды есебі ақпан айының соңғы күндерімен тұспа-тұс келді. Ел алдында есеп беру кезегі Ақтас кентінің әкімін Бауыржан Акановқа да келіп жетті. Әкім болып сайланғалы бұл Бауыржан Заруханұлының екінші рет халық алдын есеп беруі. Жиын барысында кент әкімі 2022 жылы атқарған ілкімді істерін сүзгіден өткізді. Нақты көрсеткіштерге тоқтап, жеткен жетістік пен бір жылда бағындырған белестерді баяндады.

Жиында халықтың әл-ауқатымен қатар, ертеңгі күнге деген сенімі де арта түскені анық аңғарылды. Себебі кент әкімі жалпыға ортақ мақсаттарға ден қойып, ортақ игілік үшін істелетін жұмыстарға назар аудара отырып, қызмет етсе керек-ті.

## ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ

Ақтас кентінің әкімі Бауыржан Акановтың айтуынша, жергілікті атқарушы органдар қызметінің негізгі қағидаты «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын қатаң сақтау болып табылады. Сол үшін де мемлекеттік қызметкерлер халықпен сындарлы диалог жүргізуге, адамдардың қажеттіліктеріне жауап беруге әрқашан дайын және сол мақсатта тұрақты кездесулер өткізіп келе жатқан жайы бар дейді әкім.

Мәселен, Бауыржан Заруханұлы кездесу барысында баяндап өткендей, өткен 2022 жылы ол «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын орындау мақсатында кент тұрғындарымен 4 рет тұрақты кездесу өткізген екен. Сол аталған кездесулер барысында әкімге 73 сұрақ келіп түссе, оның 64-не кездесулер барысында түсініктемелер берілсе керек-ті. Бұдан бөлек, кездесулер барысында әкімге берілген 9 тапсырма бақылауға алынып, бүгінгі таңда олардың барлығы дерлік орындалып та қойған.

«Есепті кезеңде әкімдікке 44 өтініш, «Senim109» қызметі арқылы - 40 өтініш келіп түсті. Олардың басым бөлігі тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бағытына қатысты өтініштер.

Осы тұста сіздердің әлеуметтік желілердегі белсенділіктеріңіз де туындаған мәселелерді дер кезінде анықтауға және шұғыл шешуге көмектескендігін ерекше атап өткім келеді. Бұған қоса, жеке өзінің және аппарат мамандарының тарапынан тұрғындарды ақпараттандыру және кері байланыс жасау мақсатында 2022 жылы 7 тікелей эфир өткізілді», - деді Бауыржан Заруханұлы кент тұрғындары алдындағы есеп беру кездесуінің барысында.

## ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ

Есеп беру барысында Ақтас кентінің әкімі тілге тиек еткен тағы бір өзекті мәселе - кент аумағындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту. Кент әкімінің мәлімдеуінше, өткен жылы жергілікті қоғамдастықтың 7 жиналысы өткізілген екен. Онда жергілікті маңызы бар 20 - дан астам мәселе қаралып, Ақтас кентінің

2023-2025 жылдарға арналған жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бағдарламасы бекітілсе керек-ті.

Сонымен қатар, Бауыржан Аканов Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілген өзгерістерге сәйкес жергілікті қоғамдастықтың жиындары мен жиналыстарына қатысу үшін жергілікті қоғамдастықтағы кент тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы да өзгергендігін айтады.

«Осыған дейін жиынға 492 тұрғын кірген болатын, ал жаңадан енгізілген өзгерістерге сәйкес жергілікті қоғамдастықтағы кент тұрғындарының саны 50 тұрғынды ғана құрап отырған жайы бар. Бұдан бөлек, сайланған жиналыстың сандық құрамы 20 адамнан 10 өкілге дейін төмендеді.

Осы өзгерістерді ескере отырып, жаңа сандық құрамға сәйкес кенттің жергілікті қоғамдастығының өкілдерін сайлау үшін үйлер мен көшелер бойынша ағымдағы жылға арналған бөлек жиындарды өткізу кестесі жасалды. Бұл жұмыс осы жылдың сәуір айынан басталады», - дейді кент әкімі.

## САЛЫҚ ТҮСІМДЕРІ

«4 жыл бойы кент бюджеті жергілікті қоғамдастық жиналысының келісімі бойынша жергілікті өзін-өзі басқару бюджеті арқылы толық іске асырылып келеді», - дейді Бауыржан Аканов.

Оның баяндауынша, өткен жылғы бюджетке түскен түсімдер көлемі 575 млн.328 мың теңгені құрап отыр, оның ішінде 31 млн. теңге - салықтық/салықтық емес түсімдер есебінен, ал оның үлес салмағы трансферттерге тиесілі, 90,7% құрайды. Кент әкімінің баяндауынша бюджет қаражатын 100% игеру толықтай қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкі бойынша техникалық паспорт дайындау, жер учаскесінің кадастрлық құнын анықтау және кент зираты нысаны бойынша құжаттаманы ресімдеу жұмыстары жүргізілген екен.

Ал Ақтас кенті бойынша 2023 жылға бекітілген бюджет 603 млн. 434,0 мың теңгені құраса керек-ті. Оның ішінде трансферттер мен субсидиялар 578 млн. 374,0 мың теңгені, ал өз кірістері 25 млн. 060,0 мың теңгені құрап отырған көрінеді.

## КӘСІПКЕРЛІК ҒАМ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Бауыржан Заруханұлы баяндап өткендей, әкім қызметіндегі басты басымдық кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығын дамыту болып қала бермек.

Оған дәлел кенттегі кәсіпкерлер санының артуы. Мәселен, 2021 жылы Ақтас кенті бойынша 313 кәсіпкер тіркелген болса, 2022 жылы тіркелген кәсіпкерлер саны 339ға артқан. Бұдан бөлек, кентте көмір, темірбетон бұйымдары, тауарлық бетон өндіретін 2 қала құраушы кәсіпорын да өз жұмыстарын сәтті жалғастыруда.

Ол аз десеніз, кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы шеңберінде қызметті кеңейтуге 15,6 млн. теңге сомасында 4 жобаға кепілдік берілді. Халықтың әлеуметтік осал топтарына 2 грант берілді. Атап айтқанда, жаңа бизнес-идеяларын іске асыруға 2,45 млн. теңге (жиһаз жасау-Асқар ЖК, ойын бөлмесі-Шұғаев ЖК) сомасындағы гранттар.

Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 100,7% - ға артқан. Сонымен қатар, «Ауыл-Береке» жәрмеңкесі өткізіліп, онда 13 млн. теңгеден астам сомаға ауыл шаруашылығы өнімдері (оның ішінде өнеркәсіптік тауарлар) сатылған. Онымен қоса, кент тұрғындарының өтініштері бойынша

ветеринарлық қызметтер 140 қаңғыбас жануарларды ұстады.

## ТҮРҒЫН ҮЙ КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

«Өздеріңіз де білетіндей, 2022 жыл бойы тұрақты кездесулерде мен сізге тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында не істелгені туралы баяндаған болатынымын, ендігі кезекте ағымдағы жылға не жоспарланғаны туралы тілге тиек ете кетсек деп отырмыз.

Мәселен, жылумен жабдықтау бойынша - «Токушев» ЖК №18 қазандығы бойынша апатты учаскелердегі 2 қазандық пен жылу желілерін ауыстыру жоспарланған.

«Сарантелосервис» ЖШС «Нұрлы Жол» қазандығында 3 қазандық, 3 түтін сорғыш және 3 басқару шкафын ауыстыру жоспарланған.

Электрмен жабдықтау бойынша - «Қарағанды Жарық» ЖШС 2022 жылы ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізді. Атап айтқанда, Бородина көшесі бойынша жаңа ТТҚС (толық трансформаторлық қосалқы станция) орнатылды және Привольная көшесінің (тақ жағы) үй маңындағы учаскелерінен ЭЖ шығару жұмыстары басталды, олар ағымдағы жылы да жалғасатын болады», - деді кент әкімі Бауыржан Заруханұлы.

Сонымен қатар, әкімнің баяндауынша «Бытовая» қосалқы станциясының 4-ТП-121 фидеріне жаңа тіректерді орнату және электр желілерін тарту, оның ішінде 21 орам бойынша ішінара қайта құру жұмыстары басталды.

Сумен жабдықтау бойынша тілге тиек ететін болсақ, 2022 жылы «Қарағанды Су» А л ағымдағы жылы қызмет беруші Бородина, 7 көшесіндегі ұзындығы 200 м құрайтын д160 (пластик) су құбырын ауыстыруды, Первомайская, 8 көшесіндегі ұзындығы 200 м құрайтын д160 (пластик) су құбырын ауыстыруды, Ковыльная, 8 көшесіндегі ұзындығы 200 м құрайтын д110 (пластик) су құбырын ауыстыруды, кент бойынша өрт гидранттарын жөндеу және ауыстыруды, су құбыры және көріз желілерін ағымдағы жөндеуден өткізуді жоспарлап отырған жайы бар.

## АБАТТАНДЫРУ

Кентті абаттандыру тұрғысынан да бірқатар ілкім істер атқарылса керек-ті. Ол туралы Ақтас кентінің әкімі Бауыржан Акановкелесідей баяндады:

«2022 жылы көшедегі жарықшамдардың жұмыс істеуі қамтамасыз етілді: жарықшамдар ортатылған 353 бағаналардың қызметі, оның ішінде 125,1 мың кВт/сағ. электр энергиясы үшін төлем жасау бар. Биылғы жылы көше жарығын қалпына келтіру бойынша жұмыстар жоспарланған. Атап айтқанда, Первомайская көшесі 16 б, 14 а, б, үйлерінің ауласындағы, шағын аудандағы 1-ден 8-ге дейінгі үйлердегі, Ковыльная, Гастелло, Транспортная көшелеріндегі 126 тірек бағаналарын қалпына келтіру жұмыстары», - деді ол.

Аулалар, көшелер, гүлзарларды абаттандыру бойынша өткен жылы 10 ойын алаңы, 2 аула аумағы, 18 орамдағы футбол алаңы жөнделді, Кржижановский көшесінде тротуар орнатылды.

Бұдан бөлек кент әкімі Бауыржан Заруханұлы жол, тазалық, денсаулық сақтау, білім салаларына қатысты атқарылған жұмыстар мен алға қойылған міндеттер бойынша баяндап өтті.

Мәселен, 2022 жылы 8887 ш.м. автомобиль жолдары асфальтталды, атап айтқанда Боро-

дина көшесі бойымен, сондай-ақ Саратовская көшесінен зиратқа дейінгі жол төселді. Ал кенттің санитарлық жағдайы Бауыржан Заруханұлының айтуына қарағанда айтарлықтай жақсарған. Мәселен, 2022 жылдың тамыз айынан бастап қоқыс пен қатты тұрмыстық қалдықтарды шығаруды күнделікті негізде Фатхутдинов ЖК жүзеге асырып жатқан жайы бар. Кент әкімінің мәлімдеуінше, есепті кезеңде Бородина көшесі, Первомайская көшесі, 16 б және 13 орамда кент бойынша барлығы 30 қоқыс жәшігі және 3 қоқыс алаңы орнатылса керек-ті.

Ақтас кенті әкімінің баяндауынша жергілікті атқарушы биліктің жұмысындағы негізгі бағыттардың бірі өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарға жан-жақты қолдау және көмек көрсету болып қала бермек.

«2022 жылы Жұмыспен қамту мәселелері бойынша кенттің 148 тұрғыны жұмыспен қамтылды, 91 адам жұмысқа орналастырылды, қоғамдық жұмыстарға - 41 адам, жастар практикасына - 2 адам, кәсіптік оқытуға - 5 адам жіберілді. «Бірінші жұмыс орны» жобасы аясында 8 жас маман жұмысқа орналастырылды», - деді Бауыржан Аканов.

Білім саласына қатысты атқарылған ілкімді істер де ауыз толтырып айтарлықтай.

«Бала туу мен балалар санының артуымен, әдетте, мектепке дейінгі балалар мекемелеріне қажеттілік туындайды. 2022 жылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 102 бала баратын жаңа «Әдемі» балабақшасы ашылды. Онда 2 жастан 5 жасқа дейін 6 топ жұмыс істейді», - дейді әкім.

Сонымен қатар, Бауыржан Заруханұлының мәлімдеуінше, оқу процесі штаттық режимде жүргізіледі. Қазіргі таңда, мектептердің қажетті жабдықтармен, оқулықтармен, әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі-100%-ды қамтып отыр.

Бұдан бөлек, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан бастауыш сынып оқушылары үшін мектептерде тегін тамақтану ұйымдастырылған.

«Мәдени-сауық орталығы есепті кезеңде 29,3 мың адамды қамти отырып, 211 іс - шара өткізді, 485 адамды қамтитын 25 клубтық құралым, 180 адамды қамтитын 10 спорт секциясы жұмыс істейді.

Кітапхананың 2,5 мың оқырманы үшін қолайлы жағдайлар жасалды. Қазақстан кітапханаларын жаңғырту шеңберінде 2022 жылы республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттан біздің барлық кітапхана үй-жайларына ағымдағы жөндеу жүргізілді.

Бұқаралық спортты дамыту мақсатында 2022 жылы Первомайская көшесінде дене шынықтыру-сауықтыру кешені құрылысы басталды, нысан құрылысының аяқталу мерзімі 2024 жылға жоспарланған», - деді әкім.

Есеп беру қарсаңында әкім аппараты жұртшылықтың сұрақ қойып, хабарласа алуына мүмкіндік жасап, арнайы телефон нөмірлерін қойды. Жиналғандарға алдымен соған түскен сұрақтар бойынша түсініктеме берілді. Есеп берудің мұндайлық әдістәсілі, әрине көпшілікке ұнады. Қойылған әрбір сұраққа кент әкімі тұщымды жауап беріп, тұрғындар көтерген мәселе үнемі назарда болатынын жеткізді. Соңында Бауыржан Аканов жиынды қорытындылап, бірлесіп атқарылған істердің берекелі де табысты болатындығына мән берді.



# Школа и семья - партнеры в воспитании детей

Ольга СВИРГУН

**«Перед казахстанским образованием и наукой стоит масштабная неотложная задача – не просто поспевать за новыми веяниями, а быть на шаг впереди, генерировать тренды».** - Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев. (Послание Главы государства К-Ж. Токаева народу Казахстана).

24 февраля в школе-лицее №1 города Сарани прошел «День открытых дверей», темой которого стала «Школа и семья, как партнеры в воспитании детей».

Главная цель мероприятия – объединение усилий семьи и школы в реализации трендов образования будущего.

В работе Дня открытых Дверей приняли участия: руководитель ГУ «Отдел образования города Сарани» А. Бактыбаев, заведующий методическим кабинетом Д. Бейсен, методист «Отдела образования» Е. Горбатова, завучи по воспитательной работе, классные руководители школ города, родители, учащиеся школы, гости.

«День открытых дверей» – это позитивный диалог всех участников образовательного процесса, публичный отчет в действии и живом общении. Открывая мероприятие, заведующий методическим кабинетом ГУ «Отдел образования» Д. Бейсен отметил, что «День открытых дверей» - традиционное мероприятие – это прекрасная возможность познакомиться с направлениями работы школы, окунуться в ее атмосферу. А самое главное – активизировать обратную связь с родительской общественностью».

Директор Школы – лицея №1 Т.Касаткина подчеркнула, что «коллектив школы – это компетентные педагоги, глубоко знающие свое дело. В течение многих лет, школа занимает лидирующие позиции в городе по результатам олимпиад, конкурсов, единого национального тестирования».

Изучив мировые инновационные направления, школа выделила четыре тренда и начала успешно их реализовывать. Это:

- тотальная цифровизация;
- геймификация;
- непрерывное обучение. Профорентация;
- активная проектная работа.

У каждого тренда своя – цель, но общее у них одно – привлечение родителей в процесс обучения и воспитания, сделать школу и семью союзниками в воспитании детей.

Программа дня открытых дверей состояла из трех маршрутов, наполненных по-



сещением различных мероприятий.

Совместное творчество показали родителям педагоги вместе со своими детьми в совместной постановке сказки «Репка» (С. Никифорова, Е. Байрамова).

Тренинг «Помощь в выборе профессии» (О. Шириненко). Занятие интерактивный плакат как средство повышения познавательного интереса младших школьников (педагоги С. Глотова, Е. Передриенко).

«Аукцион разумных идей» (педагоги Г. Куанова, М. Пахомова) – заинтересовали родителей своей актуальностью и новизной. Помогли рассмотреть проблемы профессионального самоопределения их детей.

Сборные команды родителей и детей показали свою эрудицию в математическом квизе. «Эрудицион» (педагоги Н. Медведева, Е. Филатова, Ю.Токарева, Н. Коряка) интерактивное мероприятие «Медицинский класс» (педагог Т. Чистякова), мероприятие с применением ин-



практикум «Семья и школа как партнеры в воспитании детей» (педагоги А. Досова, Г. Асаубаева). Откровенный разговор, затрагивающий тему «Осознанное родительство», прошел на родительском собрании (педагоги М. Кошкарева, А. Воротынцева).

В коридоре школы на размещенной выставке «Предметная галерея» можно было увидеть поделки учащихся. Сколько фантазии красоты, творчества в работах учащихся школы!

Закончили День открытых дверей концертом «Музыкальная почта «От сердца к сердцу»» (педагоги Г. Куанова, М. Пахомова). Стихи, посвященные родителям, семье, прочитали Карпенко Яна, Юсупова Полина, Чашина Александра. Этот концерт был необычным, так как объединил творческие усилия родителей и детей. Песни в исполнении Жиленковой Варвары, Ищенко Надежды, семейного дуэта Курьяновых - мамы Оксаны Викторовны и дочери Сабрины - вызвали восторг и бурные овации. Приятным сюрпризом стали музыкальные номера, исполненные родителями Н. Курочкиной и Г. Ефименко.

Хочется отметить, что на мероприятии среди гостей было много тех, кто когда-то сам учился в этой школе, был ее учеником, а теперь доверил ей своих детей и внуков!

«День открытых дверей» помог познакомиться с новыми трендами в работе школы, задать интересующие вопросы, пообщаться друг с другом, наметить дальнейшие тенденции развития этого учебного заведения.

Было интересно с первой и до последней минуты!

«День открытых дверей» - традиционное мероприятие «Школы-лицея №1».

Пусть это традиция сохраняется еще много лет, а двери школы будут открыты для новых инноваций и свершений!

терактивных онлайн платформ «Наурыз – Улыстын улы куны!» (Педагоги А. Акпарова, М. Дюржанова, К. Жунибек).

Интерактивная игра «Мир профессий» (педагог Т. Чистякова) – вызвали огромный интерес, желание применять полученные знания на практике.

Опытно-экспериментальная лаборатория «Хочу все знать!» (педагоги О. Ревтова, А. Фатыхова). Интерактивная игра «Интересная информатика» (педагог Е. Леонтьева). Открытое мероприятие «Презентация кабинета робототехники» (педагог А. Мустафин).

Классный час «Выбор профессии – ключ к успеху» (педагоги Е. Шабельник, А. Чиканкова).

- помогли познакомить гостей с педагогической позицией и направлениями воспитательной работы.

Огромный интерес вызвал семинар –



## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ

А. Наурызбаев,  
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі



**Мемлекеттік қызметші өзінің қарапайымдылығымен, жоғары білімімен, әділдігімен үлгі болатын, азаматтармен жұмыс барысында сыпайылық танытып, елінің мүддесіне қызмет ететін Қазақстан Республикасының азаматы.**

Мемлекеттік қызметшіге қойылатын ең басты талап – мемлекет пен халық мүддесінің алдындағы жауапкершілігі. Жауапкершілік болған жағдайда халықтың мемлекеттік қызметшілерге деген сенімі артып, қоғам мен мемлекет арасында мықты көпір орнатуға өз әсерін тигізетіні сөзсіз.

Сондықтан, мемлекеттік қызметші өзінің жауапкершілігін, мәртебесін сезіне отырып, әдеп нормалары шегінен шықпауы тиіс және ең бастысы халыққа қызмет ететінін естен шығармауы керек.

Өзінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Мемлекеттік қызметшілер арасында жиі қолданылатын жауапкершіліктің бір түрі – ол тәртіптік жауапкершілік.

Өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындамай, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланып, қызметтік әдепті бұзып, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметте шектеулерді сақтамағаны үшін мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жаза қолданылады.

Аталған фактілер орын алған жағдайда, тәртіптік теріс қылыс жасау фактісі жан-жақты зерделенеді және кейбір кезде қызметтік тергеу-тексеру жүргізілуі мүмкін.

Сонымен қатар, тәртіптік жауапкершілікке тартудың тәртібі және мемлекеттік қызметшінің осыған байланысты құқықтары мен міндеттері айқындалған. Аталған талаптарды сақтау міндетті болып табылады.

Мемлекеттік қызметші өзін тәртіптік жауаптылыққа тартылуына байланысты барлық материалдармен міндетті түрде таныстырылады, оған қызметтік тексеру рәсіміне жеке өзінің қатысу құқығы беріледі.

Қарастыру нәтижесі бойынша мемлекеттік қызметші тәртіптік теріс қылыс жасау дерегі расталғанда, ол заңнамаға сәйкес тиісті жауапкершілікке тартылады.

Бұл ретте, мемлекеттік қызметші

жүктелген тәртіптік жазасымен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға немесе сотқа шағымдана алады.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті мемлекеттік органдардың тәртіптік практикасына тұрақты түрде талдау жүргізеді.

Талдау көрсеткендей, 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы тәртіптік жауапкершілікке тартылған адамдардың саны 11% және оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтары үшін жауапқа тартылған адамдардың саны 72% азайған.

Көбінесе мемлекеттік қызметшілер азаматтармен қарым – қатынаста дөрекілік фактілеріне жол бергені, әдепсіздік танытқаны, яғни теріс іс – әрекеттерімен қоғам тарапынан сынға ұшырағаны үшін жауапқа тартылады.

Осыған орай, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментімен халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшінің әдепсіз әрекетін алдын алуға бағытталған шараларды жүзеге асыруда.

2016 жылдан бастап «Әдеп жөніндегі уәкіл» институты енгізілген болатын және аталған уәкілдің функциясы ұжымда беделді және басшылық лауазымдағы мемлекеттік қызметшілерге жүктелген. Бұл институттың басты мақсаты мемлекеттік қызметтегі тәртіпті нығайту болып табылады.

Әдеп жөніндегі уәкілдер де аталған бағытта жұмыстарын күшейтулері қажет.

Әдептілік, ар-намыс – адамдықтың белгісі. Тұрпайы мінез, жат қылық – надандықтың белгісі.

Сондықтан, «Мен мемлекеттік қызметшімін» деген кез келген азаматтың әрекеті, тәртібі мінсіз болуы қажет. Әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексін, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарының талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқаруы керек.

Өз кезегінде, мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану кезінде бұзушылықтарға жол берілген жағдайда, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне жүгінуге болады (Қарағанды қ., Н.Назарбаев даңғылы, 39, тел. 8 (7212)50-40-75).

## ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

# Қазақстандағы жастар және дін



С. Ақанова,  
«Саран қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ басшысы

Дін ұстай алсаң – қасиетін,  
ұстай алмасаң – қасіретін  
**Мырзатай Жолдасбеков**

Білімді жастар ұлттың бүгінгі мен келешегі екені даусыз. Тарихын терең білетін, ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңіре білген ұрпақ ел тұтқасын ұстайтыны айтпаса да белгілі. Бүгінгі таңдағы өзекті мәселенің бірі жастардың білімі мен білігі, тәрбиесі мен дүниетанымы қалай қалыптасып жатқанында. Жаңа заман баршамызға жаңа міндеттер мен максаттар жүктейді. Десек те, бірінші кезекте өскелең ұрпақтың ұлттық рухани тәрбие алуы болып тұр. Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп бекер айтпаса керек.

Жалпы, дін дегеніміз – тұңғық теңіз. Оның тереңінде еркін сүңгіп жүру үшін көп оқып, ілім-білім қажет. Ал қазіргі таңда дінге бет бұрған жастар арасында діни сауаттылықты арттыру мақсатында Ислам мемлекеттеріне барып, ілім ізденіп келушілердің саны көбейді. Сол жастарымыздың Исламның қазақ қоғамының дәстүрлі ұстанымы мен ерекшеліктеріне, құндылықтарына ешқандай да қарама-қайшылық туғызбайтын тәлім үйреніп келіп жатқандар бар. Десекте, діни сауаттығының таяздығынан жат елде алып жатқан ілімнің парқына бармай, қазақтың ұлттық құндылықтары мен ерекшеліктерін мүлдем жоққа шығарып, кейбір мемлекеттердің идеологияларын алып, бүгінде ел арасына іріткі салып жүрген жастар да аз емес. Қазір технология күн сайын өзгеріп дамып жатыр. Қоғам кез келген ақпаратты интернет желісінен алып машықтанып алды. Оның қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екеніне мән бере бермейді. Сондықтан әрбір қажет еткен ақпаратты ресми дерек көздерден алған дұрыс.

## РЕФОРМЫ В ДЕЙСТВИИ



## РЕФОРМЫ В ДЕЙСТВИИ

**В областном центре активно решают социальный вопрос улучшения сферы общественного транспорта. В отделе коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата Караганды обещают решить проблему с нехваткой автобусов 45 и 145 маршрутов. С руководством автопарка №5 по этому вопросу были проведены успешные переговоры. Скоро на маршруте появятся 50 новых автобусов. Нацелен на улучшение работы общественного транспорта и ТОО «Таксокомбинат-1». В феврале автопарк выпустил на линию 12 новых автобусов, еще 14 планируют направить. Кроме того, в областном центре скоро преступят к строительству автодрома, что поможет решить проблему нехватки водителей общественного транспорта.**

## МӘДЕНИЕТ

## КЕНДІ ШАҒАР ТӨРІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ӘН ДӘУРЕНІ

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ  
Суретті түсірген Камила ОСПАНОВА

**Біздің Сарыарқа – жусанын жел тербесе жыр төгілген, қурайына құс қонса күй төгілген өңір. Біржан сал, Ақан сері, Мәди, Иманжүсіптерден келе жатқан бұл дәстүр әлі де үзілген жоқ.**

Иә, біз кейде «Дәстүрлі әндерді, әншілерді керек қылмаймыз. Оларға насихат жоқ» деп асыра сілтеп жібереміз. Мүмкін теледидарда насихат аздау шығар. Бірақ, аймақтарда дәстүрлі әндерге, дәстүрлі әншілерге арналған республикалық байқаулар өтіп тұрады. Атап айтсақ, Жүсіпбек Елебеков, Мәди Бәпиұлы, Нартай Бекежанов, Тайжан Қалмағамбетов, Әсет Найманбаев, Әміре Қашаубаев, Мұхит Мерәліұлы, Ғарифолла Құрманғалиев, Естай Беркімбайұлы атындағы және тағы басқа республикалық байқаулар өз кезегімен өткізіліп тұрады. Бүгінде үлкен өнер сахнасында жүрген біраз әншілер сол байқаулардан түлеп ұшқан. Олардың алды музыкалық білім беретін оқу орындарда дәріс беріп, қаншама талантты шәкірт тәрбиелеп, баулып шығарды. Бұл байқаулардың барлығының мақсаты бір. Атадан балаға мұра болып қалатын ән өнерімізді келесі ұрпаққа жеткізу, ән



ми-практикалық орталығы «Қызметтік сауаттылықты дамыту» зертханасының әдіскері Әділбаев Ардақ Маралұлы құттықтау сөз сөйлеп, айшықты шараның шымылдығын түріп берді.

Білім бөлімінің басшысы Арман Болатұлы – **Мұндай байқаулар жас дарындарды шындауда әсте керек**, – деді өз құттықтау сөзінде.

Ал «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығы «Қызметтік сауаттылықты дамыту» зертханасының әдіскері Ардақ Әділбаев: **«Мұндай байқауларды ұйымдастырудың негізгі мақсаты – ата-бабаларымыздан**

асып түсіп жатты. Әр өңірден жиналған 91 өнерпаздың орындаған әндеріне Тәттімбет атындағы өнер колледжінің «Домбырамен ән салу» бөлімінің аға оқытушысы, Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестігінің жанындағы «Арай» ансамблінің көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Аркенов Дауренбек Максұтбекович; Мамандандырылған музыка мектеп интернатының «Домбырамен ән» бөлімінің оқытушысы Түсіпбек Азамат Қайыртауұлы; Тәттімбет атындағы өнер колледжінің «Домбырамен ән салу» бөлімінің оқытушысы Әбдіғалым Азат Әсетұлы баға беріп, әділ шешімдерін шығарды.

Әншінің бәрі дүлдүл, бәрі бұлбұл болса да, мөрені бәрі бірдей кеспейтіні белгілі.

Сонымен, кіші топ бойынша Топар кентінен келген Айсулу Жанымхан бас жүлдені, ал оның жерлесі Айжан Серік бірінші орынды қанжығалады. Осылайша Топар кентінің дарынды қос шәкірттері жеңімпаз атанды. Ал екінші орынды Осакаров ауданынан келген Айттолқын Аскербек пен, Теміртау қаласының дәстүрлі ән орындаушысы Аяла Мәлік иеленді. Топар кентінің шәкірттері Нұрәлі Қалқаман мен Азиза Серік, Қарағанды қаласының өнерпазы әншісі Зере Қалкен мен Қарқаралы ауданының дәстүрлі ән орындаушы шәкірті Адина Зәрубай III орынды місе тұтты.

Орта топ бойынша жүлде иеленген қатысушылар келесідей. Бас жүлде Балқаш қаласынан келген Ершат Абдибековтің қанжығанында кетті. Ал бірінші орынды Доскей ауылының шәкірті Аңсар Абдрахман, Ботақара кентінен келген Аңсаған Алқұлов, Теміртау шаһарынан келген Іңкәр Мұхамедқызы иеленді. Екінші орынды Топар кентінен келген Адия Салауатова, Айзере Төлеубек, Ботақара кентінің шәкірті Үміт Сейітхан, Қарағанды қаласынан келген Айданбек Мансұр, Нұрай Төлеуқұл, Осакаров ауданының өнерпазы Серикбол Аружан; Қарқаралыдан келген Балжан Нұрғабденова, Саран

қаласының дәстүрлі ән орындаушысы Нұрсила Жаңғабыл иеленді. Ал Қарқаралы қаласының шәкірттері Жекеева Іңкәр, Жарас Қайролла, Қарағанды қаласының шәкірттері Төлеубек Махамбет, Зейда Насыров, Әділет Серік, Абай қаласының шәкірті Мадина Хамитжанова, Саран қаласының шәкірті Алтынбек Зайтхан III орынды иеленді.

Үлкен топ бойынша бас жүлдені Қарағанды қаласынан келген жезтаңдай әнші Аружан Ошақбаева қанжығалады. Бірінші орынды Балқаш қаласынан келген Бекарыс Амангелді; Қарағанды қаласының шәкірттері Алтынбек Жиенбаев пен Ерасыл Қашаған иеленді. Екінші орынды Теміртау қаласының шәкірті Абылайхан Байназаров, Қарағанды қаласынан келген Мөлдір Өтемісова, Төлеубек Ерсултан, Мансур Съезбек, Бектай Айым, Ботақара кентінің шәкірті Ербол Илла, Абай қаласының шәкірті Жандәулет Асатов, Балқаш қаласынан келген Айбар Айтқали иеленді.

**«Азды-кемді кемшіліктерін елемейміз, өйткені алдағы уақытта дәстүрлі өтетін байқауға әлі талай таланттар қатысатын, көшті түзейтін болады»,** – дейді қазылар алқасының мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дауренбек Аркенов.



өнеріндегі тұлғаларымызды насихаттау және халыққа жаңа есімдерді, жас таланттарды таныстыру.

Қазақ халқының рухани қазынасымен, ұлттық мәдениетімен, дәстүрімен, өнерімен терең танысу және зерделі ұрпақты тәрбиелеу, сонымен қатар өскелең ұрпақтың халық әндеріне деген қызығушылығын арттыру мақсатында өткен аптада Саран қаласының білім бөлімінің қолдауымен шаһардағы Балалар өнер мектебі Қарағанды облысының білім басқармасына қарасты «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығымен бірлесіп «Ән жайлауым – Сарыарқа!» атты II облыстық дәстүрлі ән орындаушылар фестиваль-байқауын өткізген болатын. Аталған байқау Саран қаласының Мәдениет үйінде өтті.

Байқауға Саран қаласынан өзге Қарағанды, Балқаш, Теміртау қалаларының, Абай, Қарқаралы, Ақтоғай, Бұқаржырау, Шет, Осакаровка аудандарының, Топар кенті мен Дубовка, Доскей ауылдарының өнер мектептері мен музыка мектептерінің дәстүрлі ән сыныбының білім алушылары қатысып, өз өнерлерін паш етті.

Дәстүрлі ән дәуренінің ашылу салтанатында Саран қаласының білім бөлімінің басшысы Бақтыбаев Арман Болатұлы мен «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылы-

**қалған дәстүрлі әндерді, халық әндерін бүгінгі ұрпаққа үйрету, насихаттау, оны қарай қарай жалғастыру. Бүгінгі таңда біздің орталық қазақстанда дәстүрлі ән өнерінде жүрген көптеген ағаларымыз бар. ал өсіп келе жатқан шәкірттер солардың ізін басады деген сенімдеміз»,** – деді өз кезегінде.

Фестиваль-байқауға қатысушылар жас ерекшеліктеріне байланысты кіші, орта және үлкен топ болып үшке бөлінді. Кешегі Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Майралардың ізін жалғап келе жатқан дарынды, жезтаңдай жас әншілер сайыс барысында бірінен бірі



## ШЫН ЖҮРЕКТЕН!

## Ей имя Женщина дано от сотворенья...

Татьяна СТРЕЛЬЧУК

**8 марта! Международный женский день. В этот праздник мужчины становятся особенно сентиментальными. В их сердцах царствует она – ЖЕНЩИНА! Трепетная и нежная, загадочная и таинственная, непредсказуемая и невероятно красивая от внимания, обаяния и букетов весенних цветов, подчеркивающих ее женственность и красоту.**

**Представляем вам поэтический Гимн любви, отраженный в авторских стихах и прозе. Единственным и неповторимым!**

**Сергей Рупчев - карагинский поэт**



Дорогие женщины! От всей души поздравляю вас с Международным женским днём! Желаю крепкого здоровья, женского счастья и всегда весны в душе. Любите, мечтайте, улыбайтесь, наслаждайтесь каждым мгновением жизни! Пусть всегда рядом будет надежное плечо и веселый детский смех!

**Вы ноты, краски, рифмы, звуки, чувства**

Вы ноты, краски, рифмы, звуки, чувства.  
Прекраснее творенья больше нет!  
Вы - женщины! Быть женщиной - искусство!  
Искусство всем дарить любовь, тепло и свет...  
Среда, четверг, иль, например, суббота -  
Всегда бодры, свежи. Вы сил полны.  
Вы - женщины! Быть женщиной - работа!  
Всегда в строю. Иметь шикарный вид должны...  
Полны загадок вы, полны очарованья.  
Хитры, а иногда капризны без причин.  
Вы - женщины! Быть женщиной - призванье!  
Любимыми для нас быть, для мужчин...

**Еркебулан Ислам Ғалымжанұлы - «Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің» студенті**



Құрметті аналар сіздерді 8-ші наурыз халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге тек денсаудық пен бақыт тілеймін! Әрбір ананың тілегі қабыл болсын. Әрбір ананың жүрегі тыныш болсын. Әрбір ананың баласы саналы, тәрбиелі, ақылды, сауатты, білімді болсын. Әрбір ананың баласы абыройлы болсын, немерелері ел басқаратын азамат болсын. Әр қыз бала ана бақытына бөленуге нәсіп етсін. Өмірлеріміз мәнді де сәнді де өтсін.

**Көктем**

Келе жатыр, келе жатыр әне көктем,  
Жүрекке жылу сыйлап жарық еткен,  
Қысымыз кеше ғана басталғандай  
Қарашы уақытты, жылдам нектен.  
Басқа мезгіл, басқа тандар арайлы,  
Күн ұзарып, табиғаты шырайлы,  
Төрт мезгілдің ішінен мына маған  
Көктемім көбіректеу ұнайды.  
Ағаштар жайнап бастап бүршік атып,  
Қайтып келіп жыл құстары бір шулатып,  
Баурайды шиқылдаған нәзік үнмен  
Солар үшін тұрамын көп құмартып.  
Жасыл кілем, жердің беті көгерелі,  
Байшешектер өседі көбейеді,  
Барлық себеп осында сұрасандар  
Көктем жаулап алады неге мені  
Шабыттыда еселеп ашып тұрат,  
Қоздырып көңілдегі делебені.  
Жуаны тарамыс боп, жіңішкеде күш бітеді,  
Жаңарып жаныбарлар жайнай кетед,  
Мал қорадан кетеді іс бітеді  
Жас балалар қиқу сап ойнай кетед.



**Мереке Тулепбеков - карагинский поэт, певец, бард**

Желаю вам милые женщины СЧАСТЬЯ. В этом коротком слове помещается всё!

**С тобою в объятьях весны**

Невидимый трепет природы  
Прохладой лесною объят  
Вдали где стекаются воды  
Стыдьясь убегают закаты.  
Сверкнет на прощанье лучами,  
Вот отблеск уже на скале.  
Земля в один миг с небесами  
Со мной утопает во мгле.  
О ночь, как остры твои чувства,  
В глазах-отраженье луны.  
Целуемся мы до безумства,  
С тобою в объятьях весны.  
И вот та же ночь, те же тени.  
Тропинкой знакомой бреду.  
Немного подводят колени,  
Но к тем я березам дойду.  
Ведут меня чувства и грезы  
Где нас обнимала весна.  
Но стали большими березы,  
Блестит на висках седина.  
В тиши я глаза закрываю.  
Ведь в сердце была ты со мной.  
И ночь ту опять вспоминаю,  
Целую тебя под луной.

